Lesson Study

Шығу көзі

- Әдістеме бізге Жапониядан келді

- АҚШ-қа бұл әдістемені «дзюгёкенкью» деген жапон сөзін «Lesson Study» деп аударған Макото Йошида әкелді

Yoshida, M (1999) ‘Beyond reform: Japan’s approach to improvement of classroom teaching’ [Мектептегі оқытуды жетілдірудегі жапондық тәсіл] in Stigler and Hiebert (eds) *The Teaching Gap*

- «Lesson Study» өз бастауын батыс білім философиясынан алады, оның ортасында бала тұрады.
- Жапон мектептерінде «Lesson Studyдің» таралуы 1910 - 1960 жылдары Жапониядағы демократияландырумен сәйкес келді
- 1970 жылдардан бастап «Lesson Study» барлық жапон мектептерінде мұғалімдердің біліктілігін арттырудың негізгі тұғыры болып есептеле бастады

XXI ғасырда американдық зерттеушілер :

- «Lesson Study» жапон мұғалімдеріне педагогикалық білімімен қатар, өздерінің пәндік білімдерін де тереңдетуге көмектескенін;
- пәндік білімнің тереңдеуі жапондық оқушылардың, американдықтармен салыстырғанда, білім көрсеткіштерін жақсартуға ықпал еткенін (Stigler and Hiebert, 1999; TIMSS, 1999) білгеннен кейін,

«Lesson Study» әдістемесі Батыста да кеңінен таралды.

Lesson Study қазіргі кезде:

- Сингапурда
- Гонконгте
- Қытайда
- Ұлыбританияда
- Швецияда
- Канадада қолданылады






Ұлыбританияда Lesson Study:

- Оқыту әдістемелерін жетілдіру;
- Бастауыш және орта мектептер мен жоғары оқу орындары оқушыларының үлгерімін арттыру;
- Оқыту үшін бағалау сияқты ауқымды педагогикалық тәсілдерді дамыту үшін табысты пайдаланылады

- [Бейнероликке сілтеме L2W3D4_Videoclip-The power of LS]

Топтық жұмыс: Таныстырылым

Бес немесе алты адамнан тұратын топтарға бөлініңдер.

Мұғалімге арналған нұсқаулықтың «Lesson Study» бөлімін және «Lesson Study: нұсқаулық» материалын пайдаланып, Lesson Study туралы PowerPoint таныстырылымын жасап, онда мынадай мәселелерді қамтыңыздар:

Lesson Study дегеніміз не?

Оны не үшін пайдалануға болады?

Үдерістің кезеңдері қандай?

Таныстырылымда 10 слайдтан артық болмауға тиіс

Топтық жұмыс: Таныстырылымдарды зерделеу

- Әр топ өзінің таныстырылымын компьютерге жүктейді.
- Топтар барлық таныстырылымды қарайды.
- Қарау кезінде әр топтан бір жауапты адам басқа таныстырылымда бар, бірақ өз тобының таныстырылымында жоқ нәрселерді жазып алады.
- Өз тобына оралып, олар басқа таныстырылымдарды қарау нәтижесінде не үйренгендерін өз таныстырылымына қосады немесе пысықтайды.
- Топтың әр мүшесі өз тобының таныстырылымын басып шығарып, өз портфолиосына салады.